


ТАУМАҢ ТӨРЕХАНОВ

# КІСЕНДЕЛІГЕН ДАЛА



Мауып аялаһонь  
Кыранкараһна  
Сонда маржауһа  
Аһыи мопеһауһ  
01.12.2011  
Ауаһы



Менің жазған барлық шығармаларыма - “Көз көргендер еді”, “Қанмен жазылған тағдырлар”, екі кітаптан тұратын “Ғасыр қасіреті” (диалогия), “Зердесінде ұрпақтың”... және осы “Кісенделген Дала” деректі тарихи романдарын жазуға тікелей ой салған, ақыл-кеңес берген, бірге еңбек еткен, ауырып ауыр халде отырғанымда сүйеу болған балаларым мен немерелерімнің Анасы Балзада Шәмшіқызына, балаларыма, сондай-ақ материалдық, моральдық қолдау жасаған балаларым мен немерелеріме, тума-туыстарға, дос-жарандарға алғыс айтамын, бәріне бақытты өмір тілеймін.

*М.Т.Сүреманов*

30.03.2003 ж.  
Алматы.

ТАУМАН ТӨРЕХАНОВ

КІСЕНДЕЛГЕН  
ДАЛА

*Степь в кандалах*

Деректі тарихи роман-трагедия

*Елінен айырылған — Ер бақытсыз,  
Жерінен айырылған Ел бақытсыз.*

*Әйтеке Би.*

*В мире зреет мщение, чтобы обручиться  
на того, кто когда-то поступил дурно. Либо  
ты охотник, либо ты дичь. Закон общества  
приступного!*

*Халық даналығы.*

Алматы 2003 ж.

ББК 84 Қаз 7-44  
Т 65

**Т 65 Төреханов Т.А.**  
**Кісенделген Дала – Степь в кандалах.** Деректі тарихи роман-трагедия, әдеби-көркем басылым.- Алматы, 2003. 416 бет.

ISBN 9965-00-778-0

Еліміздің белгілі каламгері Тауман Алыбайұлы Төрехановтың бұл деректі роман-трагедиясында қазақтың соңғы бір үш ғасырдан астам кезеңіндегі ұлы Даласы мен халқының бостандығы, тәуелсіздігі үшін жандарын пайда еткен тау тұлғаларының жанкешті күрестері – ол патшалы Ресей және кешегі қызыл империя заманындағы зұлымдық, арам пиғылдық, басқа ойлайтын озық пікірдегі қайраткерлерді алдап, арбап қақпанға түсіру арқылы қазақтың жерінде, халқын да кісендеген оқиғалары, бірнеше адамдардың қасіретке толы тағдырлары арқылы және осы бір арпалыстағы шынайы кісілік пен достық баяндалады.

Автордың бұл деректі роман-трагедиясын оқыған адам тебіренбей отыра алмайды.

Роман қалың оқырманға арналған.

Т 4702250201  
00(05) – 03

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-00-778-0

© Төреханов Т.А., 2003 ж.

## Кісенделген Дала (Деректі роман-трагедия)

*Өткен, жиырмасыншы ғасырдың жетпісініші жылдары осы бір жантүршігерлік оқиғаның үстінен шығып, иә, тауым шағылмаған жас кезім ғой, бір баспа табақтай етіп жазып, республикалық бір беделді газетке ұсынғанмын. “Өкінішке орай, қадірлі автор, мақалаңыз көлемді болғансын, пайдалана алмадық. Ал қысқартуға батылымыз барғанмен, бірінен бірін үзіп алуға қиындық” деген жауап алдым. Себебін бірден түсіндім – билік орындарына, ашық, жабық әкімшілік органдарға қатты-қатты сындар айтылған болатын.*

*Содан бұл мақала менің архивімде сарғайып жата берді. Кейінірек, сол сексенінші жылдары мақаланы алып, романиша өсіріп, қолымнан келгенше қайта қарап, деректі роман-трагедия етіп жазып қойдым. Одан бері де ширек ғасырдай уақыт өтіпті-ау...*

*Бүгін, міне, сәті түсіп, бұл еңбекті оқырманға ұсынып отырмын. Иә, кітапты оқыған адам бір тебіренбей, жағасын бір ұстамай, сол бір зұлмат замандарға нағыз айтпай өтпейді.*



*Тот, кто клянется в дружбе, нарушает эту клятву,  
только кровью.*

*Чингиз хан.*

## I . СӨЗ БАСЫ...

*Тірісінде сыйласпаған,  
өлгенде жыласпайды.*

*Халықтың  
қанатты сөзінен.*

1

Ізбасқан Далабаев жұмсақ диваннан басын көтерді де, жастығының астында жатқан пультті көрі тамыры сыртқа тепкен етсіз, сіңірі шыққан қолына алды. Сөйтті де оның тобықтай томпайып тұрған нүктесін басты. Қара кеуімденіп тұрған бөлме ішіне өлімсіреген сәуле кірді. Телевизор экраны жанған кезде, экраннан бір ойық столды үш жағынан қоршай ортаға алып, біріне-бірі қарсы отырған адам-



дарды көрді. Таныс адамдар сияқты. Әсіресе, күнде телевизор экранынан көретін ноктасы кеңсірігіне түскен бұзау сияқты көзілдірігін жұқа да ұзынша құс тұмсық танауының үстіне салып алған көкшіл көзді, жазық маңдай, сопақ бет кәдімгі жүргізуші журналист, бір түрлі сабырлылық танытады, бірақ көзінде бір күдікті сезім бар. Ал екінші еңкіш тартқан, бетінің әбден еті қашқан, көздері шаршаған қалып білдіретін, оң жақ иығы түсіңкі – себебі сол төс сүйегі үсті толы сары жез қаңылтырлар төмен басып тұр. Шамасы сексенді алқындырып тастаған қария, шеке тамырлары білеудей, бірдеңе тиіп кетсе, жарылғалы тұр. Бет-әлпетінде бір түрлі көлеңкелі қайғы ізі байқалады. Жұқа тілін жасанды тістерінен шығарып, астыңғы тілік-тілік ернін жалай береді. Үшіншісі қайрақтай қара, жігіт ағасының жасын артқа тастаған, беті-көздері жүз құбылып, жан-жағына алақ-жұлақ қарай береді, үлкен бірдеңе жоғалтқандай біресе абыр-жып, біресе бірденеден үріккен асау жылқыдай экранға көз тастайды. Екінші алақ-жұлақ қарап отырған жылтыр қараны Избасқан Далабаев таныды. Демін ішіне алып, тереңірек ойға кетті. Іштей: “Иә, сол, сол Асарбековтің жандайшабы, бұларды экранға неге шақырды екен, ө? Бұлардың күні батқан жоқ па?” Жаңағы көзілдірігін нокта етіп киген жүргізуші журналист, алдындағы екеуіне сүзіле қарап, “бастаймыз ба?” дегендей қалып байқатты. Сонсын:

— Қымбатты көрермен қауым! Бүгін біз кешегі тұңғыық түбіне кеткен мемлекеттің белгілі қайраткері болған, бұл күндері сексеннің сеңгіріне иек артқан Арсаланбек Асарбековтен айырылып қалдық. Арекең пәни дүниеден бақи дүниеге аттанды. Осы бір уақытысында ел билеген, өмірін алашқа жүргізген адамды еске алуға бүгінгі экранды арнап отырмыз. Көне, пікір алысайық. Бұл қас қағымда жүргізушінің алдында отырған екеу қипақтап, көздерін жыпылықтатып, ақ шағыл бастарын жіті-жіті жан-жағына бұрып, қолдарын ербендетіп жатты.

Избасқан Далабаев “тіріліп” кетті. Тіктеліп отырып, енді экран алдындағы үшеуге көзін тоқтата қарап:

— О тоба, түсім бе? Әлде, өнім бе? Асарбеков: “сенен бұрын өлмеймін, бала, еліңе қайт, болмаса, мұнда саған тіршілік жоқ...” деді-ау! Иә, менің әулетімнің тіршілігін құртқан осы кісі емес пе?! Бұл адам талайдың қанын ішкен...

Жүргізуші Арсаланбек Асарбековтың қай жылы туғанын, қандай отбасынан шыққанын айта бастады.

— Қарашы, бұларды, - деді іштей, біресе күбірлеп қойып, Далабаев, - кешегі қызыл империяның заманында “сиррағы шыққан келейдің” отбасында туған деп жазушы еді.

Енді, міне, бүгін сол әулеттің ұлы перзенті деп жатыр. Ал, шынында да, Асарбеков бай аталықтан шыққан еді ғой. Мен кешегі қауіпсіздік комитетінде істеп жүрген кезімде осылар жайлы біраз досье жүргізген едім.

Иә, бұл кім еді? Жетпіс желке мидан бастап алып тұр-ау, досье фактілері көмескіленіп барады. Ешқайда кетпейді, бәрін еске түсіремін. Әттең жинаған бар мұрағаттық құжаттарды мен жоқта Әлимадан қауіпсіздік комитетіндегілер тінтіп, тартып алып кеткен. Болмаса, бұл адамның кім болғанын, шығу тегін, қалай аты-жөнін, фамилиясын өзгерткенін, қай ұлттан екенін тасқа таңба басқандай айтып берер едім. Иә, енді айтты-айтпады, неге, кімге керек?! Жоқ! Далабаев сен қателес пе! Бұл шындық бүгінгі, ертеңгі ұрпаққа керек! Қызыл империя ішіне кімдер кірді, не істеді, сол арқылы өзінің қарсыластарын қалай құртты, ө? Ұрпаққа сабақ болады емес пе? Ақыры қызыл империяны кімдер жегі құрттай кеулеп жеді, кімдер бар сенімді алдап алып, өсті, өнді? Қалай байыды? Енді жетер жеріне жеткенсін, шығар биігіне шыққанын, аларын алғанын оларға бұл империяның керегі не? Пұлы бес тиын! Иә, солай.

## 2

Экранға тура қарай алмай, көзін тоқтата алмай жаңағы жылтыр қара Асарбековқа шаң жұқтырмай мақтай бастады.

Ал жүргізуші қайталап:

— Құрметті халайық, біз сіздермен тура бетпе-бет экранда отырмыз. Пікір айтамыз дегендеріңе экран ашық. Телефонымыз мынандай... Звонок күтеміз.

— Эло-эло...?

— Тындап отырмыз. Айтыңыз. Құлағымыз Сізде!

— Эло, баяндаушыға бір сұрақ. Сіздің кім екеніңізді жақсы таныдым. Дүние салған адамның немере ме, шөбере ме інісіз. Ал қасындағы өтпейтін пышақты қайрайтын қаратас қайрақтай қартыңды жыға танымай отырмын. Уақытысында Асарбековтың асатуға алтын жұлдыз алып берген май сөгінің бірі шығар. Оны да осы экранға сүйреп, не жетектеп әкелген сіз боларсыз. Ал сіз Асарбековтың несін мақтайсыз, қай қызметін мадақтайсыз? Бүкіл халыққа белгілі емес пе еді ол?

Жылтыр қара телефонмен бүркыратып сөйлеп тұрған адамның сөзін шорт бөліп:

— Сіз жаңсақтау айтып тұрсыз-ау деймін. Басқа біреумен шатыстырып тұрған боларсыз. Ал Асарбеков өз уақытысында бірнеше облысты басқарды. Еңбек Ері атағын алды.



Бірнеше Ленин орденімен марапатталған адам. Орталық комитетке бірнеше рет мүше болды. Одақтың жоғарғы кеңесіне депутат болды, - деп жүйдемелетіп айта бергенде, жаңағы телефонмен салмақты сөз айтқан адам:

— Сіз тоқтаңыз, шұбыртпаңыз, біз де білеміз, ол биікке шыққан билік иелерінің қай-қайсысының да сол өзің айттып отырған жылтырақ сар жезден кенде қалғаны жоқ, Мәскеу бәріне де берді, үлестірді. Қалай еткенде де қазақ жерін, оның байлығын алу, ал халқын құлдыққа ұстау болды. Сол өздеріне осы саясатын жүзеге асыратын екіжүзді адамдар қажет болды. Өздерін өздеріне салып, арасына ши жүгірте отырып, отарлау саясатын, қазақтың ұлы Даласының байлығын-шикізатын — ішкі Ресейге жеткізетін арзан жұмысшы күшін пайдалану үшін осындай болмыстардан ештеңе аямады. Тегін тонналап, эшелондап алтын-күміс, қорғасын, көмір, темір, жез беріп жатқан елден не аясын?! Солардың басында осындай жалдамалылар отырды. Өзінің қасына сіздердей жандайшаптарды жинады. Сіздің фамилияңыз, мен ұмытпасам, Жасарбеков, есімің Базарбек. Қасыңыздағы қалаңғыр-қасаңғырыңыздың аты-жөнін ұмыттым. Жылқышы еді ғой.

Телефон соғушының мына сөзін тыңдап отырған Далабаев өз көзіне өзі, өз құлағына өзі сенбеді. Әлі де іштей “о тоба, өңім бе, түсім бе?” деп күбірлеп қайталай береді. Сөйтті де тік отырып, телевизор сандығының дауысын шығарды. Бірақ өзінен өзі үркіп, тек экран жарығымен аяқ жолын көретін кара көлеңкелі бөлменің ішін көрі көзімен бір сүзіп өтті. Терезенің шторын тас қылып жапты, есігін қапсырды. Сонсын, “иә, сәт, нағыз қызық әңгіме болды. Япырмай, Асарбековты да, мына жылтыр қараны да жете білетін адам болды-ау, өзі ө? Сұраңқыраса игі еді. Асылында зәбір көрген пенде ғой, мен сияқты”.

Жауап беріп отырған жылтыр қараның сөзін тағы бір телефон звоногы бөліп кетті.

— Айта беріңіз, тыңдап отырмыз, құлағымыз сізде, - деді әңгімені жүргізуші.

— Бұл жалғаннан хан да, кара да, басшы да, қосшы да кетіп жатыр. Бірақ бұрын-соңды мұндай хабар-әңгімені көрген де, естіген де жоқ едік. Қазанама деген болатын. Ал әлемге ақпарат таратып отырған экранды соншама уақыт байлағандарың қалай? Сонда бұл кісінің атқарған қызметін айту ма? Әлде қиянатын әшкерелеу ме? Данышпен даналардың да есімін қабыр топырағы суығансын, арада жылдар өткенсін еске алатын еді. Ал бұл кісінің денесі жер қойнына берілмей жатып бұл не әңгіме? Түсінбеймін. Бұл баяғы Асарбеков де-

ген адам емес пе? Халыққа жасаған пайдасынан гөрі зияны, залалы көп адам еді ғой. “Ханға бергісіз қара бар, төреге бергісіз дана бар!” Олар неге әңгіме болмайды. Әділетті аяққа басқан, халық қанын ішкен, халық мерездей жек көрген адам әлемдік экранда неге мақталады? Керек болса, мына Жасарбековтың да кім екенін білеміз. Кешегі бір кезде осы қаланың бірінші басшы коммунисті болды. Өздерің мадақтап отырған адамның тумасы. Сонау қоянсүйекті құм ішінде қарта ойнап, қатын қуып, аузынан ақ көбігі бұрқырап жүргенде сені тауып алып, көлігінің артына мінгізіп, қалаға алып келіп, партияға өткізіп, қалалық комитетке нұсқаушы, инспектор, екінші, кейін бірінші етті емес пе?!

Жүргізуші қолын бір көтерді де:

– Құрметті көрермен, кешіресіз. Сіз далаға шығып барасыз. Біз Арсаланбек Асарбеков жайында әңгіме қозғап отырмыз. Осы алдыңызда отырған азаматтар бұл бір данышпан адам еді, соңғы сапарға кетіп барады, экраныңызды бір сағатқа беріңіз. Қаншада болса, қажет болса, пұлын төлейміз дегенсін басшылар келіскен. Қазіргі империя заманында бәрі сатылады, бәрі сатылып алынады. Бұл заманда тұрақты достар да жоқ, тұрақты қастар да жоқ, тұрақты жақсылар да, тұрақты жамандар да жоқ. Солай болғансын кешіресіздер, бұрын-соңды мұндай тақырыпта экранда әңгіме өткізбегенсін кем-кетігі болар. Дегенмен, тағы да сіздерді тындайық, көне, құлағымыз сіздерде.

– Эло, тыңдаңыздар. Дүниеге келген пенде, ол кім болса да, қандай ортада, қандай қызмет істесе де, көзінің тірі кезінде есітп жлы сөз бе, салқын сөз бе естуі керек-ақ еді. Енді Асарбеков үшін бәрі-бір. Халықты, оның ішінде өзінің коммунистерін қан қақсатқан кимылын ана жылтыр қараның қарсысына отырғызып, осы әңгімелерді тыңдату керек еді. Бастық болып қылышынан қан тамып тұрғандай зіркішер ме еді, әлде тәубеге келіп, көрермендерден кешірім сұрарма еді, ә?!

Экран алдындағы үшеу шыбындаған жылқыдай бастарын изей берді.

– Эло, шүйкедей қара кемпірі Мүлкәт тірі ме? Айтарым бар еді, - деді бір көрі әйел дауысы жасқана шығып. Шамасы Асарбековтың дүниеқоңыз әйелінің тырнағы батып қалған. Әңгімесі, сауалы тым қатаң шықты.

Асығыс жылтыр қара жауап берді.

– Мүлкәт жеңейді жер қойнына бергенімізге үш жыл болды, - деді.

– Құдайдың есі бар екен, о тоба! Сонда құдайдың құдай болғалы бір дұрыс істегені екен. Мүлкәтті алған. Сонда,

біріншіден, ол дүниеқоңыз әйелдің жинаған алтын-күмістері кімде қалды? Екіншіден, мына дәуқараны кім бағып күтті?

Жылтыр қара тағы жауап берді.

– Ағаны менің әйелім-келіні бағып, күтті.

– Түсінікті, сонда Асарбеков пен Мүлкәттің тау ішіндегі саяжайына, қаладағы жеті бөлмелі үйіне халықтан тартып алған жиһаздары мен алтын-күмісіне сенің әйелің мен өзің иелік-қожалық ететін болған екенсің ғой. Асарбековтерден қалған, оларға игілік етпеген дүние сендерден де қалар. Ол дүние халықтың көз-жасы, табан еті мен маңдай терінен жаралған. Ақылың жетсе, халыққа қайтарыңдар, – деп жаңағы сауал қойған әйел Мүлкәт өлді дегенсін бе, әлде күш-қуат жинап алды ма, сөзін ширатып, тіктеліп айтты.

– Тындап отырмыз. Сауалыңызды қойыңыз.

– Сіз Асарбековты соңғы рет қашан көрдіңіз?

– Түнде үзілерде көрдім.

– Сіздің осы жанашыр “тумалық” сөзіңзді ол тірісінде, есі бар кезінде неге естімеді? Көңіліңізге келмесін, Асарбеков болып тұрғанда алпысқа келді. Таудағы саяжайында үлкен банкет болды. Сонда ол банкет дастарханын аштырмай сені күтті. Сен онда бір ауданның бірінші басшысы едің. Сен сәл кешігіп келдің. Ол саған салқын қарады. Сен жуып-шайып, аяғына жығылып, туфлиі мен носкиін шешіп алып, өкшесін сүйіп, табанын жалағансың! “Ағамыздың аяғын осындайда сүйіп, жаламасак, қашан сүйіп, жалаймыз?” деп сүйіп, жалап болып, өз қолыңмен носкиін, туфлиің кигізгенсің. Асарбеков көңілденіп Мүлкәтқа қарады емес пе? Сенің әйелің ол дүниеқоңыз әйелге француздың тонын, көктарамыс білегіне шұбыртпалы сары алтын білезік, қолына ақалтыннан сақина кигізіп мәз қылып қойып еді. Сол бір сарай дүниені қалай қиып кетті екен?

– Мені тынданыңдар. Сауалым Жасарбековке. Сіз, райком дегеннен шығады. Райкомпартияда бастық болып тұрғаныңызда, болған бір қиянпырыс оқиғаны айтайын. Менің отағасым кешкілік жұмыстан өте шаршап, нервісі тозып, дауыниесі көтеріліп, үйге әрең жетті. Шофері қолтықтап кіргізді. Ем-дом жасап, жатқызып, кейін өзі оянғансын тамағын-шайын бердім. Бірақ дұрыс іше алмады. Бір кезде отағасым:

– Сенің туман, – деді маған, тіктеле, бір түрлі алақөзімен қарап, сонсын сөзін жұтып қойды.

– Қай туманы айтып отырсың, отағасы-ау?! – деп едім.

– Әлгі райком, – деді.

– Иә, не ұрысты ма?

– Иә, біраз жерге бардық, ол жандайшаппен.

– Here?

— Негесі жоқ. Ақкөл орта мектебін биыл жиырма төрт бала бітіреді. Сол балаларды өзіңнің факультетіңе аласың! Сонсын маған доложить етесің, - демесі бар ма?! Сөйтті де трубкуны тастап жіберді. Мен телефонды қайта тердім. Енді прямойын алдым. Дауысымды таныды да:

— Сізбен сөйлесетін уақытым жоқ. Тыңдаңыз. Тапсырма түсінікті ме? Болды!

— Ол факультетке небәрі жиырма бес бала алынады. Сонда халықтың басқа балалары оқымай ма?

— Басқа бала керек емес маған. Маған Ақкөл мектебін биыл бітіретін 24 бала оқуға түсу керек. Тыңдамасыңыз қазір Асарбековке айтамын! Солай! — деді де трубкуны сарт еткізіп қойып қалды. Жасарбековтың бұл зәбіріне шыдай алмадым. Давлением екі жүзге көтеріліп кетті. Жер айналып, көшіп бара жатты. Қабылдау бөлмедегі қызды шақыру үшін әрең кнопканы басуға қолым жетті. Құлап түстім. Аржағын білмеймін. Жедел жәрдем келіп, есімді жинатқан. Мына ұлы жазушы Ғабен “Қазаққа қазақтан басқа жау жоқ” деп тегін айтпаған болар. Ол сорлы да осындай зәбірдің талайын көрген шығар. Өзіме өзім келгенсін сенің тете ағаңа шықты. Ол бір сабырлы адам ғой. Сондай шыдамдылықпен тыңдады. Бірақ Ақкөл мектебін бітірушілерге әңгіме түйіні жеткенде, ол кісі де өз тумасы жағына шықты. “Бір айтқанын істей қоймайсың ба?!” деді. Мен сонда басқа халықтың балалары оқымай ма? Не дегеніңіз? дедім. Енді одан әрі бірімізді біріміз түсіне алмадық. Иә, сен қазақ еместігіңе басасың ғой, сонсын сенің қазаққа жаның ашымайды деп қойып қалдым. Ағаң жарылып кетті-ау деймін, трубкамен айғай салды. Айғайламаңыз, сені күні кешеге дейін ешкім қазақ деп келген жоқ. Тіпті анкеттік даннйларыңызда да қырық төртінші жылға дейін басқа ұлттың азаматы деп жазып келдіңіз. Туған жеріңізді де әртүрлі айтасыз, жазасыз. Мен білмейтін нең бар сенің?! дедім. Әке-шешен нағашы жұртың да белгілі емес пе? Нағашың атышулы ішкіш болды. Әйелі ақыры ұйықтататын он екі таблетка беріп, мәңгілікке ұйықтатқан жоқ па? Операция жасатуға дәрігерге мені жұмсаған жоқ па едіңдер. Алдына жұмысқа жіберуге келген коммунистке қояр бірінші сұрағың, алдыңда оның личный листогы жатса да, “жігітім, қай жердікісің?” деп сұрайтының өтірік пе? Географиясы келмейтіндерді жылы шығарып салып, ендігі сөзді “орготдел” айтады дейтінің өтірік пе? Болмаса Асарбек-Жасарбектерді ел басқаруға жіберуге болатын ба еді? Олар да жексұрындар — кешегі аты-жөнін, шығу тегін жасырып, партияға өтіп, халыққа зәбір берушілер. Елді осындай коммунистер басқарғансын

әділеттілік, адамгершілік, кісілік, тазалық бола ма? Компартияның, совет өкіметінің беделін түсіріп, халықтан айыратын осындайлар. Әрине, сіз тазасыз! Таза болмағанда, ал алтын мен күмісті, байлықты кім үшін жинайсыз? Артыңа ертең қалдыратын бауырынан сиетін бір перзентің, не атыңды арқалап жүретін бір қызың жоқ! Дұрыс істейсіз. Ал Асарбеков пен Жасарбековтердің жинаған боқ дүниесін сіз білмейсіз бе? Олар ертең кімге қалдырады? Әңгіме осы жерге келгенде, ағай қайта айғайға көшті. “Қазір жаптырамын!” деді. Мені жаптырсаң, тете бауырың байсыз, нәпахасыз қалады. Ол да есінде болсын! дедім. Енді сенің көкелеріңнен іргені аулақ саламын. Ақкөлден келген балалардың қайсысы қабылдау емтихандарын жоғары бағада ұстап, конкурстан өтеді, сол қабылданады. И все!

...Міне, қоғамды, халықты бүлдіретін сендер! Қай беттеріңмен экран алдына келіп отырсыздар? Мақсатың Асарбековтың дүние-мүлкіне, алтын-күмісіне ие болу. Иә, сенен басқа қандасы жоқ. Бірақ олай бола қояр ма екен, меніңше, өмір бойы, мен білетінде жалғыз өзі жұмыс істеді, оның еңбекақысы белгілі. Төртжарым жыл отырды, ана дүниеқоңыз қақбасы шөптің басын сындырған жоқ. Ал жиналған байлық, дүние-мүлкі, үй-жай бәрін есептетіп тиісті орынға өткіздіреміз. Осы сөздерді, әсіресе соңғы сөздерді есіткен кезде Жасарбековтың түсі бұзылып кетті. Кезеріп қалған ернін жалай берді. Бетінің сайы тереңдеп, әңгімені жүргізушіге жалтақ-жалтақ қарап, “осы әңгімені – экранды жабайық” дегендей кескін-кейіп білдірді.

Әңгімені жүргізуші қолындағы сағатына көзінің қиығын салды. Соның арасынша тағы бір звонок болды. Жылтыр селк ете қалды. Шал көзін жұмып біресе қалғып, біресе декбіріктеніп, уақыттың тезірек аяқталғанын күтіп-ақ отыр. Қозғалайын десе, жылтыр қара аяғын басып “тыныш, қозғалма” дегендей сес береді.

– Тыңдап отырмыз. Уақыт бітіп барады. Айтыңыз, – деді экранға үңіле қарап.

– Менің сұрағым Жасарбековке. Шалымды қуалап жүріп өлтірген ажалынан бұрын сіздер, Асарбеков екеуіңіз. Үлкен кісі, не заман өзгеріп кетсе, орнымды тартып алады, не жаңа келген мәскеулік бастық басқа біреуге алып береді деген болар, шалымнан өлердей қорқып, өзімен үзеңгілес қызметтен кеңестің жай орынбасарлығына жіберді. Кейін алпысқа толған күні түске дейін өзінің “құттықтауын” жіберді. Сол күні түстен кейін зейнетке шығарылғаны жайлы орталықтың шешімін, зейнетақы куәлігің әкеліп бергізді. Бұл қаныпезерлікті көтере алмай үйге келе үнсіз,



тіпті тілсіз құлады. Содан беті бері қарамай қойды. Соңғы сөзі бұлдырлау Асарбеков-Жасарбековтерден сақ болындар жігіттер дегендей болды.

Әңгімені жүргізуші:

— Сізді түсініп, тыңдадық. Шалыңның артының қайыры болсын. Осы сөйлеп, сайрап отырған пенденің барлығының да баратын жері сол екі метр жер. Бүгін Асарбеков кетсе, арғы күні қалғанымыз де барамыз. Адамға қиянат жасаған басшы да, сол қиянаттан пәни дүниеден өткен адаммен бақилық дүниеде қатар бір төмпешік болып жатады. Әпке, кешірерсіз, қайғыңызға ортақтасамыз, бөлісеміз.

Тағы бір звонок.

— Уақыт бітті. Қысқа айтыңыз!

— Асарбеков пен Жасарбековтың уақыты бітті! Қалған пенденің уақыты бітпегей! Бұл экранды не үшін аштыңдар? Жабулы қазан жабуымен қалу керек еді ғой. Бұлардың құдай сүйер қылығы бар ма еді? Меніңше, Жасарбеков тағы да бір халықты куә етіп, Асарбековтердің дүниемүлкіне ие болып қалу үшін ұйымдастырылған спектакілі болар. Дүние екеуге аз, біреуге көп деген, алсын, екі метр көрге бірақ сыймайды ғой. Асарбековты мақтаймыз дегенге бір сағаттық эфир уақытын бөлген адамды да ...

— Ағасы болдыңыз ба? Тағы қайталаймын. Әңгімеге араласқаныңыз үшін рахмет. Еске салатын бір қанатты сөз Абай атаң айтқан: “тірісінде бұл қазақтың жақсысы жоқ, өлген соң бұл қазақтың жаманы жоқ” деген емес пе? Кім қалай түсінеді, бұл заманды ол әркімнің өз құқығы. Сау болайық, - деп жүргізуші қозғала берді.

### 3

Далабаев диваннан жеңіл тұрып бөлменің жарығын қосты да, темекісін тұтатып, жаймен, байыппен, ойлы көкірегімен, экраннан көрі көзін айырмай екі-үш рет сорып жіберді. Жүйкесі таусылып тұрған жерге темекінің ащы уы тиді-ау деймін, есін енді жиғандай болды. Іштей: “тірі болсаң, көре бересің” деген осы болар. Мұны да көрдік, есіттік. Тағдырға рахмет! Асарбеков: “бала сенен бұрын өлмеймін!” деп еді-ау, қалай? Әттең дүние-ай, бұл экранды Әлимашым, заңгер балам көріп, естімеді-ау. Талайды жайратқан кеңес үкіметін басқарған коммунистер де жайрады. Оның Асарбек-Жасарбек сияқты үлкенді-кішілі басшылары да жайрады. Өкініштісі сол - үш ғасырға созылған ұлы Далаға түскен кісен жайраса екен!!! Тағдыр жазса, оны да көрермін, деп Далабаев киініп алып, далаға шығып кетті...

## II. ИӘ, БҰЛ ОҚИҒА ҚАЛАЙ БОЛЫП ЕДІ?

*У сильного всегда  
бессильный виноват.*

*И. Крылов.*

1

— Ізекке, біреу есікке звонок беріп тұр. Ашасың ба? Мен кухнядан шыға алмай жатырмын, - деді Әлима.

— Барамын. Ашамын. Түстігіңді тездетіп өзірле, - деп Ізбасқан коридормен пәтерге кірер есікке қарай жүре бастады.

Ізбасқан есіктің кілтін ашты да, бірақ шынжырын ағытуға үлгермей-ақ, сырттан кетпендей қатты да күшті аяқ басының есік пен босаға арасына сыналап кіргенін байқап қалды. Аяғын есік арасына тыққан адамның мап-майда дауысы:

— Сізге заказное хат бар еді. Қол қойып аласыз. Қазір, қазір беремін, - деп портфелінің құлпын аша бастады.

— Жоқ, хат күтетін ешкімім жоқ! — деп есікті жапқысы келіп еді, есік пен босаға арасындағы аяқ басы кедергі жасады. Ізбасқанның бірден жүрегі мұздап кетті. Бұл қалай, бұрын-соңды ешбір ағайын-тума, жолдас-жора хат жазбайтын. Тіпті бұл үйге менің көшіп келгеніме бір-ақ күн. Бұл қалай болды, ө? - деп ойлады да:

— Хатты жазған адамға қайтарыңыз! - деді.

— Хатты қайтару үшін “Сіз — алушы отказ берді” деп почта бастығына доложить етуім керек. Ол үшін сіз конверттің сыртына “алмаймын, хатты жіберген адресіне қайтаруыңызды сұраймын” деп жазып, қолыңызды қойып, айын, күнін, жылын, сағатын жазып беруіңіз керек.

— Сіздің хатыңызға қол қойып беретін адамыңыз мен емес! Аяғыңызды есіктен алыңыз, болмаса қазір милиция шақырамын. Асылында сіз почта қызметкері емессіз. Сізді бір ресми орган жұмсап тұр, - деп Ізбасқан дауысын көтеріңкіреп айтты да, жақын, коридорға таяу бөлмедегі ашық есіктің артында тұрған телефонға қол созды. Жаңағыдай болған жоқ, тегеуірінді аяққа қолғап киген қол жәрдемге келді. Сөйтті де есіктің жіңішке шынжырын жұлып

алды. Сол кезде сырттан Ленин суреті бар жүз сомдық кара-ала қағаздар үйдің коридорына бораған қардай шашылды. Избасқанның қатты дауысы шықты. Сырттан үш ер адам сау етіп үйге кірді. Алжапқышына қолын сүртіп, Әлима жүгіріп келді. Сырттан келген адамдар ешқандай формасыз, жай көзге түспейтін жаздық жеңіл киімдер киген. Көйлектерін шалбарларының сыртына бос жіберген. Бірақ былғары белдікті көйлектің ішінен буынғаны, оған бір тапанша салатын былғары оқшантай байланғанын, томпайып көрініп тұрғанын Әлима байқап қалды. Не дерге білмей, айғайлауға, тіпті сөйлеуге дауысы шықпай, басы айналып еденге құлап түсті. Избасқан Әлиманы еденнен көтеріп алып, ауыз үйдегі бөлменің диванына жатқызды. Шашылып жатқан ақшаны баса ас үйден стаканға су құйып әкеліп, Әлиманың аузына тосты. Бұл кезде Әлима толықсып, әрең демалып жатқан еді. Екі қолын көтеруге де шамасы келмей, тілі күрмеліп, көзінің жанары сөніп бара жатты. Иә, Әлима талдырмаш, жұқа, ұзын бойлыға жақын, қызыл күрең бетті, екі көзі тостағандай әдемі келіншек болатын. Бұл сәтте бетінің қаны қашып, еріндері кезеріп кетіп бара жатты. Избасқан Әлиманың асты-үстіне түсіп, не істерін білмей, біресе жедел жәрдемге телефон соққысы келіп, біресе мына үйге есікті бұзып кірген адамдарға алаң болып әбден жүйкесі таусылып тұрғанда, жаңағылардың ішіндегі атан түйедей ірі денелі, сексеуіл шоғындай қызыл көзді, планшета-сынан жазулы бір бет қағазды алды да:

– Далабаев! Мына актіге қол қойыңыз!

– Бұл не жайындағы акті?

– Немене түсінбейсіз бе? Сіздің мына азаматтан пара алуыңыз жайлы жасалған акті.

– Сіз не деп тұрсыз? Үйіме рұқсатсыз, есікті бұзып кіріп, оның үстіне “пара алдың деп” мені қылмысты адам етіп көрсеткіңіз келеді. Олай бола қоймас? Мен заң шығаратын республикалық органның бөлім меңгерушісімін. Қазір прокурорды шақырамын, - деп Далабаев телефонға ұмтылып еді, жаңағы жуан қара Далабаевтың қолын шап беріп ұстай алды.

– Пара беретін азамат, Бақшин, міне, алдыңда тұр. Сіз айтыңызшы, Далабаев параны не үшін сұрады?

Бақшин маңдайын кіржитіп, сәл төмен қарады да, кезеріп қалған ернін бір жалап жіберіп, Далабаевқа қарады тіктеліп. Далабаев заңгер ғой, бұл адамды өткір де көкшіл көзімен бір шалып шықты. Бақшин деп әкеліп тұрған адамы жас шамасы қырыққа келе қоймаған, сіңірі шыққан

арық, денесі мүйіздей қатқан, орта бойлыдан жоғары, дала қазағына ұқсамайды, сол органның қызметкеріне көбірек келеді, жамбасының үстінде оқшантайы бар екенін байқады. Далабаев бірден қатты дауыспен:

— Мынау органның қызметкері, міне жамбасында қару тұр! Сіз мықты біреудің тапсырмасымен келгенсіз!

— Олай деменіз. Мен Сіздің орталық заң шығаратын органда істейтінінізді елдегі, - дей беріп еді Бақшин, оны Далабаев қарынан ұстады да, бетіне тіктеле қарап:

— Қай елді айтып тұрсыз?

— Қара, - деп төмен қарады.

— Ондай менің елім де, жерім де жоқ. Мен басқа елдікімін.

— Қазір енді мойындамайсыз ғой. Сізбен Калинин көшесі мен Дзержинский көшесінің қиылысындағы балалар паркінің ішінде кездесіп, сөйлестік. Сіздің кел деген жеріңіз сол болды.

— Сен не деп былжырап тұрсың? Туды-бітті сені көріп тұрғаным осы.

— Жок, олай деменіз. Мен оқуға екі бала әкелгенімді айттым. Сол балаларды университеттің заң факультетіне қабылдатып беріңіз дедім. Сонсын екі “жигулидің” кілтін әкеліп берейін дегенімде:

— “Жигули” жүргізетін балам жоқ дедіңіз.

— Онда он мың сом әкеліп беремін дедім.

— Міне, сұайт! — деп Далабаев “пара берушіні” жақтан жұқа алақанымен тартып жіберді.

Жаңағы жуан қара Далабаевтың қолын шап беріп ұстап, қайыра бастады да:

— Қол көтергенің тағы бір статья! Актіге қосып жаз, - деп шағын столдың үстіне қағаздарын жайып отырған жас жігітке команда берді.

— Сен нағыз жалдамалысың! Сені кім жалдап алды? Бетсіз! Ұятсыз! Сен менің жұмыс телефонымды білсең, айтшы? Кабинетімнің номерін айтшы?

“Пара беруші” мүдiрместен телефон номерін де, кабинетін де айтып берді, тура Далабаевқа қарап.

— Сені әбден дайындаған екен, ә? Бұл қылмыскерді ұстау үшін заң орындарының, қауіпсіздік органдарының бір айла тәсілі. Мұндайды МГУ-дің заң факультетінде оқығанда талай лекторлар айтқан, тыңдағанбыз. Так что, жігіттер, кіммен істес болып тұрғандарыңды біліп қойыңдар! Мен сендер үшін осал жау емеспін. Республиканың бірінші басшысымен де жақсы таныстығым бар, бөріңді де қаматамын! - деп Далабаев қаһарлана сөйледі.

Далабаевтың үйіне басып кіріп, оны қылмыскер деп ұстаушылардың бұл әңгіме мыйларына кіріп те шыққан жоқ.

– Давай, қол қой, актіге! Уақыт алма? – деді жаңағы дәу қара Далабаевтың қолын босатып жатып.

– Мен ешкімнен пара – ақша алған жоқпын! Мына бетсізінді туды-бітті көргенім жоқ деп айттым ғой, жаңа. Мына шашқан ақшаларыныңды жинап алындар да, тайындар! – деп Далабаев коридорда шашылып жатқан жүз сомдық қарала қағазды ақшаларды аяғымен ысырып жинай бастады.

– Міне, тағы бір статья қосып жаз! Есітіп отырсың ба сен?! – деп писарьға қарады жуан қара! – Далабаев коммунистік партияның негізін қалаушы, дүние жүзі пролетариаттың көсемі, совет мемлекетінің бірінші басшысы Владимир Ильич Лениннің портретін аяғымен тепті. Үшінші – жаз! – деп писарьға тағы бір ақырып қойды. – Үшінші, заң орындарын, Ленин құрған милицияны боқтап, сөкті, Дзержинский негізін қалаған қауіпсіздік комитетін, оның чекистерін маскаралады деп жаз! Көрдің бе, төрт, иә, заң органының қызметкерлеріне үйінің есігін ашып кіргізбеді, сондықтан үй есігін күшпен бұзып кіруге мәжбүр болдық деп жаз! Сонымен Далабаевтың үстінен бес статья бойынша қылмысты іс қозғаймыз. Түсіндің бе? Жолдас капитан!

Писарь-капитан басын шұлғи берді. Шамасы жуан қараның лауазымы да, чині де жоғары болар. “Пара беруші” табаны тиген аттай бүгежектеп, жуан қараға қарай береді. Бір кезде Далабаевтың үйге қиетін жолақ кеудешесінің жағасынан қысып, қылғындырып ұстап тұрды да:

– Сенің айтып тұрғаның бәрі өтірік. Қылмыскер Далабаев болмаса, мына елден келген колхозшы саған неге жабысады? Маған, немесе мына капитанға неге жармаспайды? Давай, актіге қол қой!

– Қолымды босат! Менің қылмыскер, не қылмыскер емес екенімді тек қана сот шешеді.

– Сотқа дейін сенің тағдырыңды мен, мына мен шешемін! Мен қалай жазып беремін, сот солай сені соттай ма, ату жазасына кесе ме, оны әлі көреміз! Давай, қолына қаламды бер! Қолыңды қой! Қолын қоймаса.

– Жаздым, жолдас, бәсеке!

– Сенің актіңде мына шашылып жатқан ақшалардың номерлері бар ма? – деп ақырды жуан қара.

– Тап солай, жазылған!



— Ақшаны пістесімен алып келіп, шашқандарыңа бір сағат болған жоқ. Он мың сом — жүз қағаз. Онда сегіз он екі цифрдан миллиондаған цифр бар. Оларды қай уақытта жазып үлгересің, сен суайт! Сен актіні де, ақшалардың банкноттық номерлерін кеңседе - қауіпсіздік кеңсесінде, не қылмысты істерді тергейтін органда жайғасып отырып жазғаның. Ақшаны қауіпсіздік комитетінің кассасынан алғаныңдар, под распиской. Мұндай операцияны білмейтін адамдарға айтарсыңдар. Ақшаларыңды алып, тайыңдар. Тек маған сендерді осы операцияға кім дайындап, кім жіберді? Соны айтып кетіңдер! — деп Далабаев жуан қараға тіктеле қарап тұрды. Бойы екі метрге жуық, жемге қойып семіртілген бесті өгіздей жуан қара алдында Далабаев әкесінің алдында тұрған жазалы баладай ғана болып көрінді. Далабаев жуан қараның емшегінің тұсынан ғана келеді, жәрбиіп тұр. Табиғаттың бірін ұзын, жуан, екіншісін жұқа — суы қанбай өскен қатқан мейіздей, әрі бойы аласа етіп жаратуы тап осы жерде үлкен әділетсіздік болып көрінді. Әрине, Далабаевтың ішіп-жемі жуан қарадан кем емес. Еңбек ақысы да көп. Заң ғылымдарының докторы, ғылыми атағына да ақша алады.

Жуан қара ашуға басып:

— Давай, мына қылмыскердің қолына кісен салыңдар! Сен ақшанды жинап ал! Давай, болыңдар! Кеттік! - деп екеуінің апышысын қуыра бастады. Капитан жалма-жан Далабаевтың қолына кісен салғысы келіп, біраз талпынып еді, одан ештеңе шығара алмады. Сонсын жуан қара Далабаевтың екі қолын алдына күшпен жинап алып келді де:

— Капитан, кісенді қолына сал. Аяғына да сал! Көшеде Далабаевты қуып жүретін жайымыз жоқ! - деп ақырды. Сонсын мен Далабаев, Далабаев дегенге даладай бір мол пішілген енгезердей алпауыт екен десем, күйкентай торғайдай бір жапырақ бірдеңе екен ғой. Алып, жеп жүрген параларың қайда, жүкпай жүрген, ә! Сірә бұл заңгердің не жүйкесі әлсіз. Не әйелі желге қарап сиетін көкайыл бір айбұқадам пөле шығар! Асылында бұл таза адам емес. Таза, ақ адам аяғын көсіліп ұйықтайды. Аяғын көсіліп, алаңсыз ұйықтайтын адам етке шығады. Мына мені көрмейсің бе? Әйелім де қонды, балаларым да ірі, - деп жуан қара қарқарқ күліп алды. Сөйтті де бөлмелерді аралап кетті. Іштей: мынау үй үлкен екен. Төрт бөлме, бастықтардың семьяларына салынған, шамасы. Мен бұрын-сонды мұнша көлемді пәтерді көргенім жоқ. Өздері осы пәтерге кешелі-бүгін кірген сияқты. Заттар әлі орын-орнына қойылмаған. Ал былай қарасаң, мына спальный бөлмедегі бір қабырғалық

полотно суреттен басқа көздің жауын алатын ешбір бұйым жоқ. Ал мына полотноға баға жетпейтін шығар. Не деген керемет! Мұны кім жасады екен? “Пара алады”, “пара алады” дейді, бұл Далабаевтың үйінде ештеңе де жоқ қой. Шамасы ақша жинайтын шығар. Жинақ кассаларын тексеруім керек. Ойбай-ау, ұмытып барамын, пәтерін обыскалауым керек емес пе? Бастық “үйін тінтіп қарадың ба десе, тілімді тістеп қаламын ғой. Жуан қара ойын осы жерге келгенде шорт үзді де, кілт тоқтап, қолын көтеріп:

— Капитан! Капитан! - деп айғай салды.

— Басеке! Келдім, не бұйырасыз?

— Далабаевтың қолына кісен салдың ба?

— Салдым!

— Ана пара берушіге бақтырып қой! Қашып кетпесін!

Ал екеуіміз осы төрт бөлмені тінтіп, бәрін қарап, обыск жасап, актілеуіміз керек. Актіге бірінші түсетін анау спальный бөлмедегі бір стенаны алын тұрған полотно. Оны қайдан алды, кім жасаған, тергеу кезінде бірінші сұралатын, айыпкерге қойылатын сауал осы болмақ. Ендігі мәселе, үйінде қанша алтын, күміс сақина, білезік, шұбыртпа, сырға, т.б. қымбат бағалы металл бар. Соны актіге кіргізуіміз керек. Және әйелдің қандай аса бағалы шетелдік тон, ішік, пальто, бас киімдері, етіктері, туфлилары бар, соны санап жазуымыз қажет. Капитан, түсіндің бе? Қайтала!

Капитан бастығының айтқанын мүлт жібермей қайталап шықты.

— Күп болады! - деп сөзін аяқтады.

— Онда тінтуге кірістік! Кеттік! Давай, баста! - деп жуан қара қалтасынан темекісін алып, тұтатып сора бастады.

— Тоқтатындар! Бұл заңды, адам құқығын аяққа басушылық! Прокурордың санкциясынсыз үйді тінтуге құқықтарың жоқ! - деп Далабаев айғай салды.

— Әй, сен пара беруші, неғып тұрсың! Ана Далабаевтың аузын жап! Пара алушы ұсталды деп масайрап тұрсың ба?! Параны алған да, берген де — екеуі де қылмыскер! Сені қазір жабамын! - деп жуан қара көзімен қолы Далабаевтың қолымен кісен арқылы байланып қалған “пара берушіге” ақырды. Онда үн жоқ. Екінші кісеннен бос қолымен Далабаевқа тура қарап, аузына қолын апара беріп еді, Далабаев екінші қолымен қайыра қағып жіберді. Мұны көріп тұрған жуан қара қалтасынан кір-кір болған бір қарала шытты алды да, Далабаевтың аузын бастыра желкесінен тас қылып байлап тастады. Сонсын қан шашқан көзімен “енді айғайлап көр” дегендей ежірейе бір қарады. Сонсын:



— Капитан! Сен әлі ештеңе істемегенсің! Тез! Тапқан осы қалай деген бұйымдарды мына ортаға үй! Сосын мен айтып тұрамын, сен номерлеп жазасың.

— Күп болады, бәсеке!

— Қысқарт!

— Күп болады!

— Ой жағың қарысқыр! Аузыңды жап!

— Мақұл, бәсеке!

— Ту япты...ть, сөйлеме!

— Так точно, я япты...ть!

— Сен ештеңе түсінбейтін адам екенсің.

— Дұрыс, бәсеке, ештеңе түсінбеймін!

— Біздің мұнда келгенімізге бір сағаттан асты. Полковник іздеп жатыр. Сағатына қарап қойып отыр. Ол тапсырма берген шефіне звондау керек. Істің немен біткенін.

Бұл жуан қараның капитанмен болған әңгімесін Далабаев түгелдей есігіп тұр. Қозғаларға, тіл қатуға шара жоқ. Қол байлаулы, “пара берушіге” қосақтаулы, ауыз таңулы. Бірақ Далабаев жаны ышқына, көзімен от шаша, аяғымен еденді тепкілей, маған сөз беретін күн болса, осы әңгімені түгелдей жариялаймын деп қояды.

— Капитан, ты сволочь! Қашан боласың?

— Так точно! Я сволочь! Міне, бастаймын.

— Давай жаз.

— Жазып жатырмын, алты алтын сақина, екі күміс білезік. А, мынаны не дейді, ө?

— Не ол? - деп шұбыртпаны алтын білезігімен жуан қара капитанның қолынан жұлып алды да, қалтасына басып жіберді. Жуан қараның жүзі жылып кетті. Іштей мынау бірнеше мың сомның бұйымы, қызығын қалтам көрсін, деп қойды.

— Капитан!

— Тындап тұрмын, бәсеке.

— Тындасаң әктіге жаңағы соңғы атағандарыңды жазба! Керек емес!

— Неге, бәсеке, а-л-н емес пе?

— Өшір үніңді, әншейін металл емес пе? Сені органға алып жүргендер де мөгәс. Осы уақытқа дейін металлдарды айыра алмайсың.

— Мақұл, бәсеке!

— Әңгімені қысқарт! Мынау сырғалар ғой. Бері бер.

— Күп болады, бәсеке, мә, көріңіз...

Жуан қара салмағы бірнеше грамм тұратын ақ алтын сақинаны қалтасына салып жіберді. Капитан қарап еді, жуан қара оның жуан бөксесіне теуіп қалды.

– Жарайды, актілеп болдың ба? Енді мына жағалы киімдерді сана, түсте.

– Басеке, өз еліміздің тоны, күзен ішік, құндыз бөрік, бәрінің де қыры түскен, киілген. Демек, ұсталған. Ал мына етіктер де киілген. Шамасы әйелінікі. Және қызы болар, соның аяқ киімі.

– Кімдердің киімдері, заттары оны тергеу барысында сұрап, анықтаймыз. Сен мына залында тұрған полотноны түстейік, өлшейік, бері кел, - деді жуан қара. Сөйтті де екеуі залға кіріп, метровкамен ұзындығын, енін өлшей бастады.

– Ұзындығы төрт метр, ені екі жарым метр, - деді капитан метровкасын орап жатып.

– Ұмытпа, нағыз параға алынған осы полотно! Баға жетпес дүние. Бұл бір адамның құнынан да қымбат болар. Органда қанша істеп жүрсек те мұндай баға жетпес дүниеміз жоқ, - деді жуан қара.

– Сіздің қалтаңыз бәрін көтереді ғой. Бұл полотноны жинап салып алыңыз.

– Өшір үніңді, сволочь!

– Өшірдім, үнім өшсін! Қалжың ғой!

– Бұл полотно бір қалтаға сыймайтын шығар, ө?!

– Өзінің айналасын алтындап, жиектерін қызыл ағашпен көмкерген. Полотнодан айыру оңай емес болар.

– Не деп оттап тұрсың, айналасындағы алтындаған қызыл ағашты, сен білгіш айтқан, полотнодан айырсаң, жалаңбұт қатындай болып қалады. Негізінде полотноны жинап алып келіп, осы бөлмеде айналасына рама жасап осы қабырғаға ілген. Полотноны жасағанда да осы қабырғаға өлшеп істелген.

– Дұрыс айтасыз, басеке!

– Әңгімені қысқарт!

– Қысқарттым!

– Қысқартсаң актіні маған бер. Ана парақорға жәрдем бер. Далабаевты сол қолын кісендеуімен парақормен бірге шығарыңдар да көлік ішіне екеуін бірдей сүңгітіп жіберіңдер. Ешкім көрмесін.

– Түсіндім, басеке!

– Ғапу етерсіз, мына полотноны қалдыратын болдыңыз ба?

– Қажет болса, тергеуге керек болды деп алдыртамын.

– Ал мына бұйымдарды ше?

– Уәж емес нәрселер ғой. Таста! Параға алды деп күдіктенетін дүниелер жоқ, - деп жуан қара қалыңдығы семіз тайдың қазысындай сары алтынды білезікті, күміс

шұбыртпаны салған қалтасын сыртынан басып-басып қойды. Көңілденіп кетті. Сөйтіп есік алдында Далабаевпен бірге кісендеулі тұрған “парақорға” дайындал дегендей белгі берді.

2

Осы кезде Далабаевтың әйелі Әлима қолын ербендетіп көтеріп, басына әкеліп, маңдайын сипалады. Жағы қарысып қалғандай, сөйлей алмады. Іштей бірдемелерді айтып, күбірледі. Бірақ жуан қара бастаған үшеудің Әлимамен ісі де болған жоқ, назар аудармады. Жуан қара есіктің шынжырын ағытты да, сарт ашып, үнсіз Далабаевты қосарға алған “парақорға” тез шық дегендей сес көрсетті.

3

Үшеуі үш жағынан қоршап үйдің ала жолақ бешпет-дамбалын киген Далабаевты дедектетіп, темір кузовты автомашина ішіне тығып жіберді. Далабаевтан кейін “парақор” кірді, одан кейін капитан кіріп, темір есікті тас қылып жаба салды. Кабинаға отырған жуан қара түстіктен қалдым, бұл не дағдарыс деп түксііп отырған шоферға суық көзімен қарады да жүр дегендей ишарат білдірді...

4

Әлима мең-зең болып қалған басын көтергісі келіп, қаншама талпынса да, өзіне-өзі келе алмады. Қызуы көтеріліп, басы айнала берді, шеке тамыры дамылсыз соғып, маза бермей-ақ қойды. Көздері қарауытып, жарық дүние сөніп бара жатқандай болып көрінді. Қанша жатқанын, отырғанын өзі де білмейді. Көйлегінің етегі түріліп қалыпты. Дауыл тұрып, құйын арасында қалғандай, қызыл күрең шашы ода-дода болып қалған. Не істерге білмей, орнынан тұра алмай көп отырды. Төңірегі жым-жырт, қою тыныштық. Әншейінде телефон звонок беріп, ас үйде жұмыс істетпейтін, тіпті демалыс бермейтін, қазір бұл сәтте оның да үні өшкен, Избасқан жұмыстан күніне бірнеше звондап, “Әлима, Әлимаш, Әлішім” деп, “нан, шұжық, сыр, алма ала келейін бе? Біздің буфетте бәрі де бар свежий. Далаға шықпай-ақ қой, Бағилашың келіп, үйге кіре алмай жүрер. Иә, Биәділ қашан кетіп еді, келетін уақтысы болды ма?” деп әлсін-әлі телефон соғып отыратын. Тағы да телефон соғып: “Қанәділ звондады ма? Қарны ашып қалмады



ма екен? Бәріміз де студент болып көріп едік қой. Және Москвада тұрмыс қымбаттау ғой. Жұмыстан қайтарда қазір ақша салып жіберейін, ә? Қалай көресің?” деп үнемі пікірлесіп отыратын... Иә, бұндай әңгіме де, сөз де жоқ, бәрі тып-тыныш болып қалған.

Бетіне түскен қоқыраған шаштарын оң қолымен артына төбесінен асыра қайырып, жан-жағына қарады. Іштей: “бұл не болған, бұл үйдің адамдары қайда? Осы Избасқан түстікке келген жоқ па еді? Менің көзіме ме, үй іші неге кара көлеңке болып тұр, ә? Избасқан жұмыстан әлі келмеген. Оның мұнша кешігетін реті жоқ еді. Оның бер жағында бұл пәтерге біз бір-ақ түнедік емес пе? Үйдің заттары да жиналған жоқ. Бүгін кешке Избасқан екеуміз жинаймыз деп уәделескен едік қой. Тек полотноны іліп үлгерген еді ол”. Әлиманың ойы осы тұсқа келгенде басын көтеріп алып, жан-жағына қарады. Тағы қою тыныштық. Орнынан суыт тұрды да:

— Избасқан қайдасың? Сен неге жауап бермейсің? Мына үйдің мүліктерін неге шашып тастағансың? Қайда кеттің?

Әлима үлкен залдың ортасында үйіліп, тіпті шашылып жатқан үй мүліктерін көріп шошып кетті. Әр жерде өзінің көйлектері, қыс, күз киімдері - бәрін осы Избасқанға тұрмысқа шықпастан бұрын әкесі алып берген. Киілекіле суы түскен. Мынау екі-үш сақина көне шұбыртпа. Бұларды уақытысында жеңгесі сыйлаған еді. Әке-шешесі мен аға-жеңгесінің көзі деп гардероб ішіне ілген. Тіпті көптеген ұстамаған бұйымдар. Ойына Бағилаға әкесі Избасқан елден әкелген туған күніне үлкен әжесі сыйлаған, сонау он жетінші ғасырдың жуан да қалың сарыалтын білезігі мен мөлдіреген теңіз суы түстес шұбыртпасы, алтын екі сақинасы есіне түсті. Бәрін, қоятын жерін ақтарып, астан-кестенін шығарды. Таба алмады. Асханасына келді. Түстікке дайындаған тамақтары сол күйінде тұр. Тіпті тарелкаларға салынбаған. Жүгіріп Избасқанның сырт киімдері шешінетін бөлмеге келді. Стульяның арқасында пиджагы мен шалбары бұрынғыдай ілулі тұр. Аяғын ұшынан бастап подъезге шығатын есік қайырылысына келді. Избасқанның далаға шыққанда қиетін туфлиі, киім ілгіште шляпасы, күнқағары тұр. Телефон орнында “бұл неге үндемейді, неге ешкім звондамайды?” деп телефон трубкасын көтеріп қалды. Үн жоқ. Көзіне, қолына сенбей, еңкейіп аппаратты көтеріп алды. Шнурын желіден жұлып тастаған. Тап осы кезде барып Әлиманың есіне манағы түсте болған бүлік оқиға түсті. Иә,